

## **"Қостанайасбест" акционерлік қоғамын қаржы-экономикалық сауықтыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 6 қараша N 1351

"Қостанайасбест" акционерлік қоғамын қаржы-шаруашылық қызметін сауықтыру және инвестициялар тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Төлем жасауға қабілетсіз мекемелерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне беру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 656 қаулысының қосымшасына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 17, 194-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне берілген төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындардың тізбесінен:

"Қостанайасбест" АҚ, Қостанай облысы алынылып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне "Қостанайасбест" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін иелену, пайдалану мен басқару құқығын қайтарып алып, оны белгіленген тәртіппен ашық саудаластықта сату үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне беретін болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі